


ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-февраль 2023 г.


36,5
МЛРД ТГ




134,3%
ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь



ЭКСПОРТ




РЫНОК



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 ж. қаңтар-ақпандағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің өндіріс көлемі **2023 жылғы қаңтар-ақпанда 36,5 млрд теңгені** құрады, бұл номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңдегі деңгейден **47,5% жоғары**. Өсу текстиль өнімдері (+65,4%), былғары және оған жататын өнім (+58,2%), киім (+15,9%) өндірісінде байқалады.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлемінің индексі** 2022 жылғы қаңтар - ақпанда 2023 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда **134,3%** құрады. ФКИ өсуі текстиль бұйымдары өндірісінде (*154,1%*), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (*107,8%*), киім өндірісінде (*105,8%*) байқалады.

Текстиль өнімі өндірісінде (+54,1%): ең жоғары өсу төмендегі текстиль өнеркәсібі тауарлары бойынша болды: мақта иірімжібі *3,2 есе*, киімнен басқа, тоқыма емес материалдар және тоқыма емес материалдардан жасалған бұйымдар *2,9 есе*, төсек орын *2,9 есе*, синтетикалық штапель талшық *2,5 есе*, мақта, кардо- және таралған *2 есе және т.б.*

Киім өндірісінде (+5,8%): аталған сектор бойынша төмендегі тауарларында ең жоғары өсуі байқалады: әйелдерге немесе қыз балаларға арналған шалбарлар, комбинезондар, бриджилер *17 есе*,

былғарыдан немесе композициялық былғарыдан жасалған киім *2,5 есе*, ерлерге немесе ұл балаларға арналған шалбарлар, комбинезондар, бриджи және шорты (*трикотаждан басқа*), *90%*, ерлерге немесе ұл балаларға арналған курткалар және пиджактар *66% және т.б.*

Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+7,8%): төмендегі тауарларда ең жоғары өсу болды: аяқ киімге арналған ІҚМ терісінен жасалған пергаменттелген немесе иленгеннен кейін өңделген былғары *6,3 есе*, резеңке немесе полимерлі материалдардан жасалған табаны мен үстіңгі жағы су өткізбейтін аяқ киім *3,1 есе*, әр түрлі материалдардан жасалған әйелдер сөмкелері *3 есе*, ІҚМ терісінен жасалған пергаменттелген немесе иленгеннен кейін өңделген былғары *+73%*, иленген немесе жеткізе иленген, бірақ, әрі қарай өңделмеген ІҚМ терісінен жасалған былғары *+60,3%*.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтарда 6,1 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңнен **5,6% төмен**.

Экспорттың өсуі былғары және оған жататын өнім тауарларында *2,3 есе*, киім тауарларында *2,6 есе* байқалады. Алайда, *85%* және одан да артық мақтадан тұратын жіпті жеткізудің *25%* қысқаруына байланысты текстиль өнімі тауарларында экспорттық жеткізулердің *47,4%*, полиэтилен немесе полипропиленнен жасалған қаптар мен пакеттер *54%*; ІҚМ терісінен иленген былғары немесе былғары қыртысы *45,7%* қысқаруы байқалады.

85 мас. % немесе одан да артық мақтадан тұратын тығыздығы *100 г/м.кв* артық мата *3,7 есе*. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Италия.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі** 2023 жылғы қаңтарда 271,3 млн АҚШ долл. құрады, бұл, осындай кезеңмен салыстырғанда 2 есе жоғары.

Тауарлар импорты тұтынушылық белсенділік пен кейінге қалдырылған ішкі сұраныстың қалпына келуі нәтижесінде өсуде. Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық секторларында байқалады: текстиль бұйымдары (+78%), киім (+3,4 есе), былғары және оған жататын өнім (+14%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2023 жылғы қаңтарда ҚР жеңіл өнеркәсіп нарығының көлемі **303,3 млн АҚШ долл.** (138,9 млрд теңге) құрады, онда ОТӨ үлесі 9,7%, импорт өнім үлесі – 90,3%.

Сала төрт өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Түркістан обл, Шымкент қ., Алматы қ. және Ақмола облысы. Жеңіл өнеркәсіп үлесі Түркістан облысында республика өндірісінің жалпы көлемінің 34,4% құрайды. Шымкент қ. – 14,8%, Алматы қ. – 8,2% және Ақмола облысы – 5,9%.